

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 наурыздағы "Ақтоғай аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 249/57 шешімінің күшін жою туралы

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қаңтардағы № 153/27 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 қаңтарда № 5834 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ақтоғай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 наурыздағы "Ақтоғай аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 249/57 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5024 болып тіркелген, 2016 жылы 2 сәуірде аудандық "Ауыл тынысы", Пульс села" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтоғай аудандық мәслихаты аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Т. Ж. Таскенов

Мәслихат хатшысы

Ж. Ш. Ташенев